

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы 2 маусым жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е.Л.Тоғжановқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

24 мамыр күні «Казахстанская правда» газетінде «Заложники равнодушия» атты мақала жарық көрді.

Сол көлемді мақалада өңіраралық қоныс аударудың жай-жапсары бір облыстың мысалымен талдап айтылды.

Міне, осы мақалада көрсетілген өткір және өте қажетті мәселеге орай Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей өзі назарға алып, Президент Әкімшілігіне Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданына қоныс аударған азаматтарға арналып салынған тұрғын үйлердің сапасын тексеру туралы тапсырма берді.

Бұл қозғалып отырған мәселенің мемлекеттік мәні зор екенін тағы да көрсетті.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында еліміздің қауіпсіздігіне тікелей қатысты ішкі және сыртқы көші-қон мәселесінің елімізде ерекше маңызы мен өзектілігі бар екенін атап өтті.

Осы бағытта ел тәуелсіздігі жылдарында қыруар іс атқарылды. Дей тұрғанмен, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында демографиялық жағдай әлі де тұрақтандырылмай отыр.

Демографиялық жағдайының қиындығына орай республикалық бюджет қаржысы есебінен қоныс аударушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың, Айыртау (жоғарыда аталған) және Қызылжар аудандарында өткен жылы қоныс аударушыларға арналған баспаналар сапасыз салынғандығы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде өткір сыналды.

Мемлекет Басшысының өзі бұқаралық ақпарат беттерінде көтерген мәселеге назар аударып, нақты жағдайды айқындауға пәрмен беріп отыр.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде «Nur Otan» партиясы Фракциясының мүшелері ретінде келесі ұсыныстарды енгіземіз:

1. Қазіргі уақытта ішкі және сыртқы көші-қонның стратегиялық маңызы артып отырғандығын және «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әрбір азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасына сәйкес 2025 жылға дейін 80 мың қандастың, оның ішінде 2021 жылы 12 мың қандастың қайта оралуына жәрдемдесу жоспарланғандығын ескеріп, бір кезде Үкімет жанында болған Көші-қон және демография агенттігін қайтадан құру мәселесін қарастырған жөн деп білеміз.

Себебі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті көші-қон мәселелерімен жеткілікті айналысады деу қиын. Аталған агенттікті құру шетелдерде жұмыс істеп жүрген қазақстандықтардың құқықтарын қорғау тұрғысынан да қажет.

2. Соңғы жылдары отандастардың Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарына қоныс аудару процесі баяулап қалған, сол себептен жергілікті атқарушы органдар осы жұмысты жандандыруы тиіс, өйткені бұл мәселелер мемлекет пен халықтың мүдделері тұрғысынан стратегиялық маңызға ие.

3. Қандастар мен қоныс аударушыларды өңірлерде қабылдау, жұмысқа орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелеріне жүйелі мониторинг жүргізіп, тұрақты бақылауда ұстау, сондай-ақ көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға тиісті басшылардың жауапкершілігін қатайта түскен жөн.

4. Қаржы мониторингі агенттігі қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдау көрсетуге және оларды жұмысқа қабылдаған шаруашылықтарға төленген субсидияларға жұмсалған бюджет қаржысының мақсатқа сай жұмсалуына қажетті тексеріс жүргізуі керек.

Осы сауалды қарау нәтижелері туралы жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес беруді сұраймыз.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары, «Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**М. Төлепберген
А. Үйсiмбаев
Б. Торғаев
С. Адамбаев**

*орын. Ә.Қапезова
тел. 74 67 89*